Автор: Сарина Жанар Жайлыбаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Табиғи құбылыстар
Тақырып: Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	*4.1.1.1 Зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау* *4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату;*
Сабақтың мақсаты:	**Барлық оқушылар: Оқушылар ашылған ғылыми жаңалықтардың адамның күнделікті өміріне әсерін, қоршаған ортаны танып білу үшін бақылаудың маңызын біледі. Көптеген оқушылар: Экспериментті жоспарлай алады, жүргізеді, ақпарат көзін, олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтап, атай алады, зерттеу нәтижесін кесте мен диаграмма арқылы көрсете алады. Кейбір оқушылар: Бөлім 1-3 сыныптарда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімі бойынша меңгерген материалға сүйенеді.**
Тілдік мақсаттар:	Оқытудың тілдік мақсаты Оқушылар -зерттеудің өзектілігі туралы әңгімелейді; -таңдаған зерттеу әдісін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздейді. Пәндік лексика және терминология Бақылау, эксперимент, бақылаушы, зерттеу нысаны, зерттеу құралдары, зерттеушінің білігі мен дағдысы, эксперимент шарты. Диалог/жазу үшін пайдалы фразалар сериясы Талқылау сұрақтары: - Зерттеу әдісінің қайсысын таңдау керек? - Қандай зерттеу бағытын таңдау керек? - Неліктен бақылауды (экспериментті) таңдадыңыз? - Зерттеу нәтижесін қайда және қалай қолдануға болады?
Күтілетін нәтиже:	Көптеген оқушылар: Экспериментті жоспарлай алады, жүргізеді, ақпарат көзін, олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтап, атай алады, зерттеу нәтижесін кесте мен диаграмма арқылы көрсете алады. Кейбір оқушылар: Бөлім 1-3 сыныптарда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімі бойынша меңгерген материалға сүйенеді.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар жанды және жансыз табиғат құбылыстарын зерттеу арқылы өздерінің танымын кеңейте түседі, зерттеу бағытын, әдісін таңдау себебін негіздейді. Алынған нәтижені өзі таңдаған формада ұсынып үйренеді
Құндылықтарды дарыту:	*Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.*
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	сурет дүниетану
Бастапқы білім:	Оқушылар ашылған ғылыми жаңалықтардың адамның күнделікті өміріне әсерін, қоршаған ортаны танып білу үшін бақылаудың маңызын біледі. Экспериментті жоспарлай алады, жүргізеді, ақпарат көзін, олардың артықшылығы мен кемшілігін анықтап, атай алады, зерттеу нәтижесін кесте мен диаграмма арқылы көрсете алады. Бөлім 1-3 сыныптарда «Ғылым мен зерттеушілердің рөлі» бөлімі бойынша меңгерген материалға сүйенеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Гүлмен тілек»(сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақоқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуалқалыптастыру. Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады,көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. Оқушылар арнайыдайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілектілейді және гүлдің түстері бойынша топқа біріктіріледі. 1-топ - қызғылт 2-топ – жасыл 3-топ – көк Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру(жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Кезектескен интервью» әдісі. (Әр топқа өткен сабақтардан сұрақтар беріледі. Микрафон қолдану. Автор орындығы әдісі. Үй тапсырмасын орындаған кез-келген оқушы. Орындыққа жайғасып, барлық сыныпқа үй тапсырмасын қалай орындағанын түсіндіріп береді. ҚБ «Бағдаршам» арқылы бағалау. Оқушылар бағдаршамның түстерін белгілеу арқылы кері байланыс береді. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау Өсімдік мүшелерін еске түсір. Олардың әрқайсысы қандай қызмет атқарады? Мүшелері болмайтын өсімдік болуы мүмкін бе? Өсімдік мүшелері Өсімдік мүшелерін еске түсір. Олардың әрқайсысы қандай қызмет атқарады? Мүшелері болмайтын өсімдік болуы мүмкін бе?	
Сабақтың ортасы	«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі 5e38108f4667e.png Image not found or type unknown Төменгі сатыдағы өсімдіктерге нелер жатады? Жоғары сатыдағы өсімдіктерге ше? Өсімдіктерді неге бұлай топтастырады? Өз ойыңды түсіндір. Дескрипторы: өсімдіктердің қандай топтарға бөлінетінін біледі; • төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктерді ажыратып үйренеді.	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Өсімдіктер төменгі сатыдағы және жоғары сатыдағы депбөлінеді. Төменгі сатыдағы өсімдіктердің мүшелері болмайды. Олар сулы ортада тіршілік етуге бейімделген. Бұл топтағы өсімдіктерге балдырлар жатады. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің мүшелері толық жетіледі. Олардың тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі мен жемісі болады. Мысалы, қарағай, арша, терек, итмұрын жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатады. 5e3810c5ca0dc.png Image not found or type unknown	
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушыларға «Білім пирамидасы» кері байланыс постері түсіндіріледі. Стикерлер таратылады. Оқушылар өздері қалаған шың басына жабыстырады	